# Қазақстан Республикасының пошта саласын тұрақтандыру және қаржылай сауықтыру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 27 мамыр N 661

Халыққа көрсетілетін пошта қызметін сақтау және сапалық деңгейін көтеру пошта байланысы саласына қаржылық-экономикалық тұрақтандыру мен техникалық жетілдірудегі дағдарысты жеңу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы е т е д і :

1. Қазақстан Республикасы Көлік, коммуникациялар және туризм министрлігінің жанындағы шаруашылық жүргізу құқығындағы Пошта байланысы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына (бұдан әрі - Пошта байланысы республикалық мемлекеттік кәсіпорны) қосу жолымен:

1) 1-қосымшаға сәйкес Пошта байланысы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының еншілес пошта байланысы мемлекеттік кәсіпорындары;

2) "Республикалық арнайы байланыс торабы" Республикалық мемлекеттік кәсіпорны қайта ұйымдастырылсын.

2. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне пошта байланысы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына мынадай операцияларды жүргізуге лицензия беру ұсынылсын :

1) жеке тұлғалардың депозиттерін қабылдау;

2) касса операциялары: банкноттар мен монеттерді қабылдау, қайта санау, ұсату, айырбастау, сұрыптау, буып-түю және сақтау;

3) аударым операциялары: ақша аударымы бойынша заңды және жеке тұлғалардың тапсырмаларын орындау;

4) банкноттарды, монеттер мен құндылықтарды инкассациялау және жөнелту;

5) шетел валютасымен айырбас операцияларын ұйымдастыру;

6) шарттың (лизингтің) қолданылу мерзімі ішінде жалға берушінің жалға берген мүлікке толық меншік құқығын сақтай отырып мүлкін жалға беру.

3. Пошта байланысы республикалық мемлекеттік кәсіпорны жеке тұлғалардан депозиттер қабылдау жөніндегі операцияларды жүзеге асыру кезінде тартқан қаражат тек мемлекеттік бағалы қағаздарға орналастырылады деп белгіленсін.

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкімен (келісім бойынша), Пошта байланысы республикалық мемлекеттік кәсіпорнымен бірлесіп екі апта мерзімде Республикалық пошта байланысы мемлекеттік кәсіпорнының жеке тұлғалардан депозиттер қабылдау жөніндегі операцияларды жүзеге асыру кезінде қаражатты мемлекеттік бағалы қағаздарға орналастыру тетігін Қазақстан

Республикасы Үкіметінің қарауына енгізсін.

5. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Пошта байланысы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының, оның еншілес мемлекеттік кәсіпорындарының, олардың филиалдарының жалға алған ғимараттары мен үй-жайларын 2-қосымшаға сәйкес Пошта байланысы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына заңдарда белгіленген тәртіппен беретін болсын.

6. Қазақстан Республикасы Үкіметінің мына қаулыларына өзгерістер енгізілсін:

1) "Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Мемлекеттік поштасын Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігі жанындағы Пошта байланысы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына айналдыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 13 қарашадағы N 1521 P951521_ қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 1995 ж., N 35, 450-құжат):

аталған қаулының қосымшасында:

реттік нөмірі 1-25, 27, 29-жолдар алынып тасталсын.

2) күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.

Ескерту. 6-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.

7. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылдың 13 қарашадағы N 1521 қаулысына толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 11 маусымдағы N 950 P970950_ қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 1997 ж., N 25, 229-құжат) күші жойылды деп танылсын.

8. Қазақстан Республикасының Көлік, коммуникациялар және туризм министрлігі 1999 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі мерзімде осы қаулыдан туындайтын шараларды жүзеге асырсын.

9. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрі О.Ә.Жандосовқа жүктелсін.

10. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің 1999 жылғы
27 мамырдағы
N 661 қаулысына

1-қосымша

Қазақстан Республикасы Көлік, коммуникациялар және туризм министрлігі жанындағы Пошта байланысы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының қайта құруға жататын еншілес мемлекеттік кәсіпорындары

1. Ақтөбе облыстық пошта байланысы мемлекеттік кәсіпорны
2. Ақмола облыстық пошта байланысы мемлекеттік кәсіпорны
3. Атырау облыстық пошта байланысы мемлекеттік кәсіпорны
4. Шығыс Қазақстан облыстық пошта байланысы мемлекеттік кәсіпорны
5. Жамбыл облыстық пошта байланысы мемлекеттік кәсіпорны
6. Батыс Қазақстан облыстық пошта байланысы мемлекеттік кәсіпорны
7. Қарағанды облыстық пошта байланысы мемлекеттік кәсіпорны
8. Қызылорда облыстық пошта байланысы мемлекеттік кәсіпорны
9. Қостанай облыстық пошта байланысы мемлекеттік кәсіпорны
10. Маңғыстау облыстық пошта байланысы мемлекеттік кәсіпорны
11. Павлодар облыстық пошта байланысы мемлекеттік кәсіпорны
12. Солтүстік Қазақстан облыстық пошта байланысы мемлекеттік кәсіпорны
13. Оңтүстік Қазақстан облыстық пошта байланысы мемлекеттік кәсіпорны
14. Алматы поштамты
15. Пошта тасымалдау орталығы

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің 1999 жылғы
27 мамырдағы
N 661 қаулысына

2-қосымша

Қазақстан Республикасының Көлік, коммуникациялар және туризм министрлігі жанындағы Пошта байланысы республикалық мемлекеттік кәсіпорны мен оның еншілес мемлекеттік кәсіпорындарының, филиалдарының мемлекеттік басқару органдарынан жалға алатын ғимараттары мен үй-жайлары

| N | Еншілес мемлекеттік кәсіпорындардың, филиалдарының атаулары | Орналасқан жері | Жалға беруші | Алаңы,м2 |
|---|---|---|---|---|
| 1. Ақмола облыстық пошта байланысы мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі-ОПБМК) | | | | |
| 1. | Байланыс бөлімшесі (бұдан әрі-ББ). Степногорск қалалық мемлекеттік пошта торабы (бұдан әрі-ҚМПТ) | Заводской пос., Красноармейская зауыттық көшесі, әкімшілік ғимараты | Степногорск қала. сының әкімі | 98 |
| 2. | N7, ББ, Степногорск | Степногорск қаласы | Степногорск қала. | 68 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| қаласы | 3 ықшам ауданы, қонақ үй ғимараты | сының әкімі | |
| 3. Степногорск ҚМПТ-ның Ақсу-1 ББ | Кварцитка пос., Калинин көшесі, әкімшілік ғимараты | Степногорск қаласының әкімі | 62,6 |
| 4. N3 ББ | Астана қ. Первомайская, 16 | Астана қаласының әкімі | 186,4 |
| 5. N 5 ББ | Астана қ. Алатау ықшам ауд.,8 | Астана қаласының әкімі | 138,7 |
| 6. N 21 ББ | Астана қ. Кенесары көш., 264 үй | Астана қаласының әкімі | 148,5 |
| 7. N 28 ББ | Астана қ. Абылайхан даң., 33/1 үй | Астана қаласының әкімі | 56,0 |
| 8. N 33 ББ | Астана қ. 2,4 ықшам ауд. | Астана қаласының әкімі | 116,2 |
| 9. N 37 ББ | Астана қ., Пушкин көш.,168 үй | Астана қаласының әкімі | 124,0 |
| 10. N 40 ББ | Астана қ. Молодежный ықшам ауд., 21 үй | Астана қаласының әкімі | 63,8 |
| Барлығы | | | 1062,2 |
| 2. Ақтөбе ОПБМК | | | |
| 11. N10 ББ | Ақтөбе қ. Әбілхайыр хан даңғылы, 40 үй | Ақтөбе облыс әкімі | 22 |
| Барлығы | | | 22 |
| 3. Алматы поштамты | | | |
| 12. N2 ББ | Алматы қ., | Алматы қаласының | 359,9 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | Жібек жолы, 54 үй | әкімі | |
| 13. N4 ББ | Алматы қ., Жібек жолы, 81 үй | Алматы қаласының әкімі | 300,5 |
| 14. N8 ББ | Алматы қ., Әуезов көш., 65 үй | Алматы қаласының әкімі | 478,9 |
| 15. N9 ББ | Алматы қ., Гагарин көш., 41 үй | Алматы қаласының әкімі | 412,88 |
| 16. N11 ББ | Алматы қ., Чехов көш., 20а үй | Алматы қаласының әкімі | 302,4 |
| 17. N12 ББ | Алматы қ., Қабанбай батыр көш., 42 үй | Алматы қаласының әкімі | 152,4 |
| 18. N13 ББ | Алматы қ., Байсейтова көш., 45 үй | Алматы қаласының әкімі | 121,9 |
| 19. N16 ББ | Алматы қ., Райымбек көш., 101 үй | Алматы қаласының әкімі | 366,4 |
| 20. N20 ББ | Алматы қ., Достық даңғ., 276 | Алматы қаласының әкімі | 261,5 |
| 21. N21 ББ | Алматы қ., Құрманғазы көш., 20 үй | Алматы қаласының әкімі | 209,9 |
| 22. N28 ББ | Алматы қ., Земнухов көш.,19 үй | Алматы қаласының әкімі | 68,5 |
| 23. N31 ББ | Алматы қ., Ақсай-2,11 үй | Алматы қаласының әкімі | 316,8 |
| 24. N35 ББ | Алматы қ., 11-ықшам ауданы, | Алматы қаласының әкімі | 511,48 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | 27 үй | | |
| 25. N36 ББ | Алматы қ., 10а-ықшам ауданы, 22а үй | Алматы қаласының әкімі | 256,4 |
| 26. N42 ББ | Алматы қ., Таугүл-1, 59/60 үй | Алматы қаласының әкімі | 370 |
| 27. N43 ББ | Алматы қ., Орбита-3,4 | Алматы қаласының әкімі | 180 |
| 28. N46 ББ | Алматы қ., Сәтбаев көш.,78 үй | Алматы қаласының әкімі | 202,1 |
| 29. N50 ББ | Алматы қ., Сейфуллин көш., 298 үй | Алматы қаласының әкімі | 104 |
| 30. N51 ББ | Алматы қ., Достық, 91/1 | Алматы қаласының әкімі | 151 |
| 31. N57 ББ | Алматы қ., Жандосов көш., 21 үй | Алматы қаласының әкімі | 533,7 |
| 32. N60 ББ | Алматы қ., Өтепов көш,2 үй | Алматы қаласының әкімі | 123,2 |
| 33. N61 ББ | Алматы қ., Райымбек, 383 үй | Алматы қаласының әкімі | 242,77 |
| 34. N62 ББ | Алматы қ., 2-ықшам аудан.52 үй | Алматы қаласының әкімі | 290,1 |
| 35. N67 ББ | Алматы қ., | Алматы қаласының | 78,3 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | Қазақфильм | әкімі | |
| 36. N72 ББ | Алматы қ., Құрманғазы көш., 100 үй | Алматы қаласының әкімі | 78,8 |
| 37. N74 ББ | Алматы қ., Монтажная көш., 31 үй | Алматы қаласының әкімі | 127,3 |
| 38. N77 ББ | Алматы қ., Гоголь көш., 120 үй | Алматы қаласының әкімі | 98 |
| 39. N78 ББ | Алматы қ., Әл-Фараби,71 | Алматы қаласының әкімі | 126 |
| 40. N79 ББ | Алматы қ., Майлин көш., 67-үй | Алматы қаласының әкімі | 150,2 |
| 41. N82 ББ | Алатау пос., Космановтар көш., 2 үй | Алматы қаласының әкімі | 101,3 |
| 42. N86 ББ | Заря Востока пос. | Алматы қаласының әкімі | 160 |
| 43. N90 ББ | Алматы қ., Әл-Фараби, 65 үй | Алматы қаласының әкімі | 91 |
| 44. N95 ББ | Алматы қ., әуежай | Алматы қаласының әкімі | 123,8 |
| 45. N96 ББ | Алматы қ., Төле би көш., 150/2 үй | Алматы қаласының әкімі | 145,6 |
| 46. N97 ББ | Красный трудовик пос. | Алматы қаласының әкімі | 72 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 47. N99 ББ | Алматы қ., Фурманов көш., 240 үй | Алматы қаласының әкімі | 234,3 |
| 48. N100 ББ | Алматы қ., Достық, 36 үй | Алматы қаласының әкімі | 538,5 |
| 49. Алматы поштамты | Алматы қ., 11-ықшам аудан, 14б үй | Алматы қаласының әкімі | 123,6 |
| 50. Алматы поштамты | Алматы қ., 7 ықшам аудан,1 үй | Алматы қаласының әкімі | 33,8 |
| Барлығы | | 8759,23 | |

4. Шығыс Қазақстан ОПБМК

| | | | |
|---|---|---|---|
| 51. Семей ҚМПТ N1 ББ | Семей қ., Тельман көш., 152а үй | Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Шығыс Қазақстан облыстық мемлекеттік мүлік және жекешелендіру аймақтық комитеті | 121 |
| 52. Семей ҚМПТ N6 ББ | Семей қ., Крупская көш., 8 үй | Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Шығыс Қазақстан облыстық мемлекеттік мүлік және жекешелендіру аймақтық комитеті | 80,8 |
| 53. Семей ҚМПТ N33 ББ | Семей қ., 35 махалла | Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Шығыс Қазақстан облыстық мемлекеттік мүлік және жекешелендіру аймақтық комитеті | 118 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 54. Семей ҚМПТ N40 ББ | Семей қ., Қаржабайұлы көш., 320 үй | Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Шығыс Қазақстан облыстық мемлекеттік мүлік және жекешелендіру аймақтық комитеті | 58,3 |
| Барлығы | | | 378,1 |

5. Павлодар ОПБМК

| | | | |
|---|---|---|---|
| 55. N35 ББ | Павлодар қ., Қайырбаев көш., 32 үй | Павлодар облысының әкімі | 28,0 |
| Барлығы | | | 28,0 |

6. Солтүстік Қазақстан ОПБМК

| | | | |
|---|---|---|---|
| 56. N4 ББ | Петропавл қ., Каманин көш., 74үй | ҚР Қаржы министрлігінің Солтүстік Қазақстан облыстық мемлекеттік мүлік және жекешелендіру аймақтық комитеті | 90,4 |
| 57. N7 ББ | Петропавл қ., Мұқанов көш., 52үй | ҚР Қаржы министрлігінің Солтүстік Қазақстан облыстық мемлекеттік мүлік және жекешелендіру аймақтық комитеті | 87,7 |
| 58. N28 ББ | Петропавл қ., Гоголь көш.,14үй | ҚР Қаржы министрлігінің Солтүстік Қазақстан облыстық мемлекеттік мүлік және жекешелендіру аймақтық комитеті | 00,7 |
| 59. N23 ББ | Петропавл қ., Мир көш., 205үй | ҚР Қаржы министрлігінің Солтүстік Қазақстан облыстық мемлекеттік | 156 |

мүлік және жекешелендіру
аймақтық комитеті

| | | | |
|---|---|---|---|
| Барлығы | | | 534,8 |

7. Оңтүстік Қазақстан ОМПБК

| | | | |
|---|---|---|---|
| 60. N42 ББ | Шымкент қ., Желтоқсан көш.,22үй | Шымкент қаласының әкімі | 63 |
| 61. N44 ББ | Шымкент қ., Тельман п. 1 Май көш., 130 үй | Тельман поселкесінің әкімі | 30 |
| Барлығы | | | 93 |

Ескерту. Қосымша өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.03.03. N 327 қаулысымен. P010327_

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК